

Пікір

Ұлтсыздық дертімен күрес

Шөмішбай Сариев
М.О.Әуезов атындағы әдебиет
және өнер институтының аға
ғылыми қызметкері, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері,
Франц Кафка атындағы халықаралық
Алтын медаль және Платина, Тарлан
сыйлықтарының лауреаты, сыншы.

Педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының профессоры Күләш Оразбекова «ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ» /Қазақ ұлт/ атты I томын, «ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ» /Жан сыры/ атты II томын және «ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ» /Адамтану/ атты III томын оқып шығып, осы дүниелер туралы пікір жазбасыма болмады деуге болады. Пікірді көрнекті қазақ жазушысы, филология ғылымдарының докторы Ақселеу Сейдімбековтің: «Бұл кітапты ұрпақты ұрпақ игілігіне жарату үшін, осы уақытқа дейінгі жіберген олқылықтардың орнын толықтырсақ деген ізгі ниет», - деген сөзінен бастауды жөн көрдім. Өйткені бұл пікір - біздің айтар пікірмен сабақтасатындығын алдын ала айтқанымыз орынды.

«Ұлттық психология» бөлімінде ғалым «Адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашатын, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындайтын, сана-сезімін, жан дүниесін қалыптастыратын - психология пәні» / «Ұлттық психология», I том, 35-бет/, - деп Абайдың және А.Байтұрсыновтың тұжырымдамаларына сүйене отырып, өзіндік ой өрнегін алға тартады. Ғалымның мақсаты: «Біріншіден, ұлттық рухани қасиетімізді танып-білу, оны басқаларға да таныту, өз ана тілін білетін саналы Мен Қазақпын! Ұлтым қазақ! дейтін ұрпақ өсіру. /«Ұлттық психология», I том, 39-бет/, - десе, одан әрі: «Екіншіден, қазақ халқының рухын, психологиясын, балалар идеологиясын, өзін-өзі танудың жаңа мәдениетін оқу тәрбие жұмысына енгізу. /«Ұлттық психология», I том, 39-бет/. Үшіншіден, бірінші қазақ халқының Абайға дейінгі кезеңін, екінші - Абай өмір сүрген дәуір, үшінші Абайдан кейінгі кезең деп үш салаға бөліп, жіктеп зерттейді.

Автордың өзі айтқанындай «Ұлттық психология ұлт бар жерде дамиды». Сондықтан ғалым қазақтың өзін-өзі тануы, ұлт екенін қарастыру бірінші томында орын алған. Қазақтың ұлттық психологиясы «жан сырды» екінші томдықта қарастырылған. Ал «Адамтану» үшінші томдықта зерттелген.

«Қазақ ұлт» бөлімінде ғалым К.Оразбекова грек ғұламаларына сүйене отырып, ұлт атану үшін негізгі шарттары, яғни 1.Жері, 2.Тарихы, 3.Тілі, 4.Салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болу керектігі, ондай алғы шарттар қазақта әуелден бар екендігі, яғни қазақ - ұлт екендігін дәлелдейді.

«Арғы атам - ер түрік, біз - қазақ еліміз, Самал тау, шалқар көл, Сарыарқа жеріміз!», - деп атой салған Алаш азаматтарының ту ұстаған сөздері мен жырларын алға тартады ғалым.

Күләш Оразбекова ой тұжырымдарын түйіндей келе, ұлттық жан-күй үйлесімін үш бөлікке бөледі: ол - ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезім дегеніміз – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге, т.б. деген аса сүйіспеншілігін білдіреді. Ұлттық сезім қай ұлттың болсын жеке басының қанағаттануына, шаттануына немесе риза болмауына, қанағаттанбауына байланысты ой-қиял, әсер, түйсігінің сыртқа шыққан көрінісі, ол өзгелерге сол ұлттың тілі арқылы жеткізіледі.

Қорыта айтқанда, ғалым-педагог Күләш Оразбекованың «Ұлттық психология /Қазақ ұлт/» атты бірінші томдағы зерттеу еңбегі - ғалым ретінде алса да, танымдық ретінде бағаласақ та, қазақ ұлтына қосылған ұлттық қазына, рухани байлық. Біздің жас жеткіншектерді тәрбиелейтін тәрбиеші педагогтар осы кітапты темірқазық етіп алса, ешқашан тура жолдан адаспайды. Ұрпақтарымыз бұл кітаптан тәлім алса, қазақ халқының келешегі бар, болашағы үстем деген сөз. Менің ақын ретінде де, ғалым ретінде де пайымдауымша, педагог-ғалым Күләш Оразбекова қыруар еңбек еткен, жан-жақты талдау жасаған, ұлттық психология ғылымына орасан зор рухани қазына-байлық сыйлаған ғұлама ғалым, дәуіріміздің бірегей тұлғасы деп танымын. Ұлттық қазынаға қосылған ұлағатты еңбек...

Мен II томға деген пікірімді Халел Досмұхамедұлының: «Халық ауыз әдебиеті /фольклоры/ - ұлт психологиясының айнасы» деген салиқалы оймен жалғастыруды қолай көрдім. Бұл арқылы қазақтың мінез-құлқы, заманындағы күйініш-сүйініші анық сезілетіні ақиқат. Сол ұлттық психологияға ғалым Күләш Оразбекова Шоқан Уәлихановтың:

«... қазақ барлық сенім әдетімен де ... тарихи мәні бар оқиғаларды баяндайтын поэтикалық құны күшті аңыздар, өлең-жырлар жасаумен де ең ақылдылардың қатарына қосылады», - деген тұжырымдамасы арқылы өз ойын өрбітеді.

Халел Досмұхамедұлының да ойлы пікірлеріне сүйене отырып, ұлттық психологияның міндеті мен маңызын ашады.

Ұлттық жантану мәселесіне, ұлттық психологияның зерттелу тарихына жан-жақты тоқталады.

Ғалым «өзгенің ақылымен ақылды бола алмайсың, өзгенің даңқымен даңқты бола алмайсың» /Карамзин/ деген қанатты ойға сүйене отырып, Кеңес өкіметі кезіндегі ұрпақ тәрбиелеудің үлкен олқылықтарын айта келе: «Үш томдық «Ұлттық психология» оқулығында осы айтылған олқылықтар мен жіберген қателерді жойып, орыстанған ұрпағымыздың жан-дүниесін жаңғыртып, қазақтандыруға септігін тигізіп, алдағы жазылар ғылыми еңбектер мен оқулықтарға бұл жұмыс мұрындық болар деген ниеттемін», - деп жазады. Осы орайды зерттеуші К.Оразбекова зиялы қауым өкілі Мырзатай Жолдасбековтің: «Біз ғасырлар мен мыңжылдықтар алмасып, әртүрлі үлгідегі қоғамдар қалыптасқан, соған сай адамдардың психологиясы түрлі өзгерістерге бейімделген кезеңде өмір сүріп отырмыз. Адам атаулының жасампаздығына, яғни қоғамды да, дүниені де өзгерте алатынына нақты көзіміз жетті. Алысқа бармай-ақ осы тәуелсіздік алған он бес жылды алайық. «Мемлекетіміздің саяси, экономикалық қарқыны баяу, көшке ілесе алмаудамыз» деп айтуға бола ма? Алайда кісінің санасында өткен шақтың өкініштері де жаңғырып тұратынға ұқсайды. Мәселен, біздің буын «кедейдің бәрі жақсы, байдың бәрі жаман» деген психологиясымен тәрбиеленді. «Жаман, надан болса, қалай байыған» деген ой санамызға кірмей, олардың бәрін бір ұрты май, бір ұрты қан кебежеқарын деп елестеттік. Кеңестік идеология бізге кедейді дәріптеді. Сосын әкем, ата-бабам түгел кедейден шыққан деп өмірбаян толтыруды ар көрмедік. Қазақта «тексіз» деген ауыр сөз бар. Біз сол тексіздігімізді өз қолымызбен жазып, мақтанышқа айналдырдық, әдебиетіміз де, тарихымыз да шолақ байталдың құйрығындай шолтиып қалды», - деген салауатты ой-пікірі арқылы өз тұжырымын жасайды. Профессор Әбдімәлік Әшіров жазғандай «Сана экологиясына» ғалым Күләш Оразбекова да үлкен мән береді. Шынында да, жер бетіндегі ядролық соғыс, экологиялық апаттар ғана емес, адамның санасындағы экология орасан зор қауіп төндіріп тұрғандығына баса назар аударады. «Біз ақшамыз жоқ болғаны үшін емес, ойымыз жұтаң болғаны үшін

кедейміз...» деуі де сондықтан. «Ұлттардың психологиялық пішіні дегеніміз - осы ұлттың дамуының тарихи өзгешелігіне байланысты материалдық жағдайынан, ықпалынан және оның ерекше ұлттық мәдениеті мен тұрмысынан байқалатын сезім мен эмоцияның, ой мен қимылдың өзіндік ұлттық бейнесі, ұлттық дәстүрлер мен дағдының орнықты келбеті», - дейді.

Осындай ұлағатты ой-пікірлерді келтіре отырып зерттеуші-ғалым Күләш Оразбекова тұғырлы ойлар шешімімен ғылыми тұжырымдама жасайды. Еңбек сонысымен құнды. Бұдан соң ғалым ұлттық психологияның міндеті мен маңызына тоқталады. Бұл жолда «саналы ел салтын сақтайды», «алты жыл аш болсаң да, ата салтын ұмытпа» деген ата-бабаларымыздың мақал-мәтелдеріне арқа сүйейді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек, сонда ғана мәдениетіміздің көсегесі көгереді. Біздің қазіргі ізденістеріміздің барлығы, сайып келгенде, осы рухани мәдениетті өркендетуге қызмет етуге тиіс», - деп ой-пікірін түйін етеді ғалым және де грек халқының әйгілі перзенті Апполонның: «Өзіңді өзің таны», - деген өсиетін алға тартады.

Ғалым К.Оразбекова «Ұлттық психологияның» екінші томы «Жан сырын» бұл саланы зерттегендегі мақсатын: «Әрине, бүкіләлемдік жаһантану заманында томаға-тұйық күн кешу, өз буында ғана пісу өте қиын. Дегенмен бөтен салттың, жат дәстүрдің ырқына бағынып, соларға біржолата жұтылып кетпей, өз халқының құндылықтарын жалпы адамзат құндылықтарымен, қазіргі заман өркениеті үрдістерімен оңтайлы түрде ұштастыра білу - ең үлкен мақсат болуға тиіс. Мақсат қазіргі шақ пен болашақты байланыстырады», - деп түйіндейді.

«Ұлттық психологияның» үшінші томы - «Адамтану» деп аталады. Бір айта кететін жайт, бірінші том «Қазақ ұлт» деп аталса, екінші том «Жан сыры», үшінші том «Адамтану» деп үш салаға бөліне зерттелуімен қатар үш томды бірінші қазақ тілінде жазылып, екінші орыс тіліне, үшінші ағылшын тіліне аударылған. Бұл да - үлкен еңбектің көрінісі. Қазақтың ұлттық ерекшеліктерін басқа ұлттарға жеткізуге, бұл еңбектердің үлкен рөлі барлығын айта кеткен орынды. Бұл дүниелердің жазылу кезеңі Әбіш Кекілбаевтың сөзімен айтсақ: «Айт дегенді айтсаң, арың төгілетін, айтпа дегенді айтсаң басың кететін» заман еді. Заманымыздың текті де, тегеурінді ақыны Мұхтар Шаханов 1990 жылы «Ұстаз мерей» деп, толғанып: «Ұмытпасам, 1987 жылы болар, ҚазПИ-де

өткен кездесуде Күләш Айтмолдақызымен алғаш рет таныстым. Ұлтымыздың кейбір көкейкесті мәселелері жайлы толғана сөйлегені сүйсіндірді. Шәкірттері өзін ерекше қадір тұтады екен. Күлекеңнің ұстаз ғана емес, адам психологиясы иірімдеріне еркін бойлай алатын ғалым екенін кейін еңбектері арқылы білдім», - дей келіп, «бүгінгі таңда қазақ әйелінің рухани тұлғасы ұлтымыздың сан ғасырлар салт-санасын, дәстүр-талғамын, әдеп-ибасын бойға жинай білгендігімен ғана емес, соны қолдай, қорғай білгендігімен де өлшенбек», - деп түйіндейді. Шынында да, ұлтымыздың рухани тұлғалары салт-сананы, дәстүрді қорғай білгенімен өлшенері анық. Сондай тұлға - Күләш Айтмолдақызы Оразбекова.

Ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының профессоры, Нью-Йорк академиясының толық мүшесі және құрметті философия докторы, Күләш Айтмолдақызы Оразбекова бүгінгі басымызда тұрған басты кесел, ертеңгі тұман мен күмән ұлтсыздық дертінің зардабына үш томдық еңбегімен жауап беріп қана қоймай, сол бір кесел-дерттерге біржолата тойтарыс берерліктей дүниені зерттеп, жазып қазақ ғылымына салиқалы үлес қосқан тұлға дерлік.

Дей тұрсақ та ғалым-педагог Күләш Оразбекованың еңбегі - орасан үлкен ізденістің жемісі. «Тәрбие психологиясы да, психикалық құбылыстардың жіктелуі де /классификациясы/ отбасы психологиясы, бәрі де ғалымның ұлағатты еңбегінен, жан-жақты ізденісінен туғандығын дәлелдейді. Тағы да қайталап айтуға тура келеді: ғалымның еңбегі - ұлттық қазынаға қосылған ұлағатты еңбек...

«ҚАЗАҚ ҰЛТЫ», «ЖАН СЫРЫ», «АДАМТАНУ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ
ПСИХОЛОГИЯНЫ ҰЛАҒАТТЫ ЖҮРЕКПЕН ЗЕРТТЕГЕН
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ОЙШЫЛ ҚЫЗЫ,
АКАДЕМИК КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВА ХАНЫМНЫҢ 75 ЖАСҚА
ТОЛҒАН МЕРЕЙ ТОЙЫНА ШАШУ ӨЛЕН

«ЖЕР – ҰЛТТЫҢ АНАСЫ,
ТАРИХ – ҰЛТТЫҢ АТАСЫ» ДЕГЕН КҮЛӘШ ҒАЛЫМ,
ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫН АШҚАН ҰЛЫ АСТАРЫН,
Кітап, Баспасөз беттерінде,
Бала тәрбиесі туралы,

Көрдiк талай сыр ашканын.

Өмiр деген дария-сынды ағын едi,
Бiр кездер Бостандық деген сағым едi,
«АНАСЫ БАҚЫТТЫ БАЛА ЕЛ ТІРЕГІ,
БОЛА АЛАДЫ» ДЕГЕН,
КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВ-СЫНДЫ ҒАЛЫМ ЕДІ.

Көгiнде жұлдыздары жанған едi,
Бар қуатын осы жолға салған едi.
ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАСИЕТТЕРІМІЗДІ ТАНЫП-БІЛУ,
КҮӘШ ҒАЛЫМНЫҢ АРМАНЫ ЕДІ.

Ұлтқа арнаған бiлiм санатын,
Ел деп, Елiм деп жайған қанатын,
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРІНШІ –
АБАЙҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢІН БӨЛГЕН,
КҮЛӘШ ҒАЛЫМ БОЛАТЫН!

Ас дәмін келтірер тұзым бар едi,
Әлемнің ғылыми ортасын аралаған,
Сан алуан ұжымдар едi.

ЕКІНШІ - АБАЙ ДӘУІРІ ДЕГЕН,
ҮШІНШІ - АБАЙДАН КЕЙІНГІ ДӘУІР ДЕГЕН,
КҮЛӘШ ҒАЛЫМНЫҢ ОЙ, ТҰЖЫРЫМДАРЫ ЕДІ!

Ағынын ашып дерт кеуденің,
Жалынын шашып өрт кеуденің,
ЕЛ ТІЗГІНІН ҰСТАҒАН БИ, ШЕШЕН, ЖЫРАУ,
АҚЫНДАРДЫ АЙТЫП,
КҮЛӘШ ҒАЛЫМ ЕДІ ОРТАҒА САЛҒАН,
ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІН.

Бойда – дарын, Тәңірі мен қуаты Елі,
Дүниені тану – таусылмас сірә, тегі.
ҰЛТЫҢДЫ ТАҢУ – ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ,
ҰЛТТЫҚ НАМЫС ДЕГЕН,
ӨЗІҢДІ-ӨЗІҢ ТАҢУ ДЕГЕН,
КҮЛӘШ ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАТЫ ЕДІ.

Алатаудай асқар тауы – тірегінің,
Ғалым қызы – Ұлы Елінің,
ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ,
ЖЕР – ҰЛТТЫҢ АНАСЫ,
ТАРИХ – ҰЛТТЫҢ АТАСЫ,
МҰСЫЛМАНДЫҚ ДӘСТҮРДІҢ АРҚАУЫ – ДІН ДЕГЕН,
ЖАНАЙҚАЙЫ – ҒАЛЫМ КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВА, ЖҮРЕГІНІҢ.

СОЛ ҚАЗАҚТЫҢ ҒАЛЫМ ҚЫЗЫ,
ҚАЗАҚТЫҢ КЕМЕҢГЕР ТАУЫ МЕН ДАЛАСЫНДА ОТЫР,
ЖЕР МЕН КӨКТІҢ АРАСЫНДА ОТЫР.
СОЛ ЖҮРЕК ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛ СОҒЫП,
ЕЛ-ХАЛҚЫНЫҢ АРАСЫНДА ОТЫР!

КҮН САНАУДЫ ҚОЙЫҢЫЗ,
КҮЛЛІ ҒАЛАМҒА ТАРАҒАН ОЙЫҢЫЗ,
АМАН-ЕСЕН ҰРПАҒЫҢМЕН,
ДОС-ТУЫСПЕН ҚАРСЫ АЛҒАН,
ҚҰТТЫ БОЛСЫН КҮЛӘШ ҒАЛЫМ!
ҰЛЫ МЕРЕЙ ТОЙЫҢЫЗ!!!

ҚҰРМЕТПЕН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН
ҚАЙРАТКЕРІ, ПАРАСАТ ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, ФРАНЦ
КАФКА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛТЫН МЕДАЛЬ
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ПЛАТИНА ТАРЛАН СЫЙ-
ЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ,

АҚЫН ШӨМШБАЙ САРИЕВ НАҒАШЫБАЙ ҰЛЫ
ЖҰМАГҮЛ САРИЕВА ҚАЖЕНҚЫЗЫ

8 ҚЫРКҮЙЕК 2015 ЖЫЛ.
АЛМАТЫ ШАҒАРЫ

